



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

баланың туыстық байланыстардың экономикалық функциясына сүйенбей өзіндік қабілеті мен талабы арқасында табысқа жетуге болатындығын үйрету. Туыстық байланыстарды қолдану арқылы іс-әрекет жасаудың ең негізгі кемшілігі ретінде адамдардың өзінің мүмкіндіктерін толық пайдалана алмауы, яғни басқа біреуге, соның ішінде туыстарға сенімінің болуы, өзіне деген сенімнің төмендеуіне алып келеді деуге болады.

Сонымен әлеуметтік байланыстардың және туыстық қатынастардың мүмкіндіктерін тек қарым-қатынас кілті ретінде маңыздылығын арттыру керек. Индивид қоғамда өзінің мүмкіндіктерін толығымен ашуы үшін күнделікті өмірдегі байланыстарды да жоғалтпауы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1)Жаназарова З.Ж. Социология семьи. – Алматы, 2001.
- 2) Жаназарова З.Ж. Семья и брак как предмет исследования в социологии // Вестник КазНУ. Сер. психологии и социологии. — 2004. — № 3. — С. 32-33.
- 3)Әбдірайымова Г.С., Кенжакимова Г.Ә., Пірімбетов К.М. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың қазіргі жағдайы, мәселелері және болашағы (терең сұхбат нәтижесі бойынша), 37.
- 4) Елешев А.К., Жаназарова З.Ж.,Отбасындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері, Вестник КазНУ, 43.
- 5)Жаназарова З.Ж., Сельская семья в период трансформации казахстанского общества- Алматы, 2010,133-137.
- 6) Социология: Оқулық / Редакциясын басқарған проф. М.М.Тәжин. – Астана, 2004. – 506 бет.

УДК 314.151.6

РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ БІРІГЕЙЛІГІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБИЕЛЕР (ГЕРМАНИЯ МЕН ИЗРАИЛЬДІҢ МЫСАЛЫНДА)

Хасен Жадыра Алдабергенқызы

Zhadyra hasenova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ӘҒФ Әлеуметтану кафедрасының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы Досанова Г.М.

Қайтып келу көші-қоны және диаспора мүшелерінің отанға «оралудың» жеке әрекеттері, шамасы, Еуразия аумағында жұмылғыштықтың маңыздырақ заманауи факторлары болады. Одақ кезінде шекара жабықтығынан отанға оралу мүмкін емес еді. «Бабалардың алыс отанына» бару мен шарасыздан қоныс аудару сияқты әрекеттер қазіргі кезде Еуразия құрлығының көптеген тұрғындарына әлеуметтік шынайлыққа айналды. Диаспораның отанына шынайы немесе символикалық «оралу» идеясы (*homecoming*) және «отанды сағыну» түсінігі диаспоралық бірегейлік құруында айқындаушы өлшемі және диаспораның басқа кез келген мигранттық қауымдастықтан ерекшелігі болып табылады. Діни немесе этникалық азшылықтың ерекше этномәдени сипаттамасы болатынына осы топ мүшелерін тастап кеткен отаны туралы ой, осы «тарихи отанға» қайту және оған қосылу жөнінде арман байланыстырады.

Осымен де-ауыздықталған қауымдастықтың мүшелері ерте ме, кеш пе «отандарына оралады» деп жоспарланады, яғни бұрынғы, бір кезде тастап кеткен тарихи орнына немесе ұлттық мемлекеттік аумағына қайтып келеді.

Әлеуметтік ғылымдарда қайтып оралғандар сирек зерттеледі және әлеуметтік әрі мәдени антропологияда аз қарастырылған құбылыс болып қалады. «Диаспорамен әуестену» феномені жанды талқыланатын ғылыми және саяси салалардағы пікірталастарда негізінен этникалық топтар мен мәдени қауымдастықтардың диаспоризация үдерісі немесе

«диаспораның ояну» сәттері көтерілді. «Оралу» түсінігіне бүгін тек қайта оралудың консерваторлық идеясы ғана емес, аңсаулық туризм шеңберіндегі саяхат, уақытша жұмыс келісім-шарты, үкіметтік емес ұйымдар деңгейдегі трансұлттық әлеуметті жобалар тәжірибесі кіреді.

«Тарихи отан» туралы ой жұмылдыруының айқын мысалы 1990-шы жылдар басындағы Германияға этникалық немістердің миграциясы болып табылады. Соңғы 20 жыл ішінде 2,3 миллионнан аса ресейлік немістер Сібір, Қазақстан және басқа да ортаазиялық мемлекеттердің қала-ауылдарынан тарихи отанға «оралу» құқық негізінде – фатерланд Германияға қоныс аударды.

Соңғы қоныс аударушы туралы заң 1993 жылы бекітілген, сонымен бірге Германияға көшуге үлестеме жылына 200 мың адам шеңберінде белгіленген.

Соңғы қоныс аударушының құқықтық статусы неміс диаспораның бұрынғы КСРО аумағында (бірақ АҚШ емес) ересек мүшелеріне неміс азаматтығына артықшылықты рұқсат береді. Сол үшін ол Қазақстандағы, Өзбекстандағы немесе Ресейдегі ГФР елшіліктеріне бара алады.

Қайтып келу саясаты және қоныс аударушы немістерді қабылдаудың құқықтық реттеуі ең алдымен жапа шегу мен саяси қуғын-сүргін тұжырымдамасына емес, этникалық қатыстылықтың «тазалығы» идеясына негізделген.

Осылайша, 1998 жылдан бастап Германияға кіруге өтінімді толтырғанда кандидаттар қабылдайтын органдар мен иммиграциялық қызметтеріне мәдени үндесу мен депортациялық тәжірибеге қарамастан олар дәстүрлі неміс өмір салтын сақтағандарын, неміс тілдің диалектерінде сөйлесетіндерін, протестант немесе католик шіркеулеріне жататындарын, неміс халық әндердің сазы мен мәтінін, сонымен бірге неміс рождестволық бәліштердің рецептілерін есте сақтағандарын дәлелдеу керек болған еді.

Құқықтық деңгейде ресейлік немістер Германияның толық құқықты азаматтары болып саналады. Германияда тұратын өзге иммигрант топтарымен салыстырғанда қоныс аударушы репатрианттар тілдің жеткіліксіз білуіне және еңбек нарығындағы шектеулі мүмкіндіктеріне қарамастан едәуір жоғары әлеуметтік және экономикалық мәртебеге ие. Этникалық қоныс аударушылар мемлекеттен жолға шығын өтемақы, бейімделуге арналған жәрдемақы, әлеуметтік жәрдемақы және барлық стандарттық сақтандыру қызметтерді алады.

Тұрмыстық дискурс пен желекжолды баспасөзде «оралмандар» әдеттегі экономикалық мигранттар мен олардың отанындағы шетелдіктер болып көрінеді. Германияда көптеген немістер аусидлердерді бөтен орыстар деп санайды, себебі олар этникалық коммуникативтік желілер ішінде қалса да орыс тілінде сөйлеп, «орысша» киінеді, «орыс» тамағын жейді.

Жаңа немістердің «әумесерлік» мінез-құлқы заманауи неміс этномәдени коды мен біртұқымдас ұлттық қауымдастықтың ұдайын толықтыруына бағытталған болжалды мәдени репертуарына сәйкес келмеген. Неміс ұлттың «тазалығы» туралы түсінік және неміс мәдениетінің тұрғын жайының ерекше сипаттамасы болатын «жасыл қоршам» табынушылығына апелляция қабылдайтын көпшілігі алдында сәтті интеграциялануына жеткіліксіз болып шықты. Нәтижесінде неміс БАҚ-мен «бөтен оралмандар» жау бейнесі, яғни орысша сөйлейтін салық төлеушінің мойнында отыратын қоныс аударушының және спорттық костюм мен мойнына алтын шынжыр киген әрі агрессивті ниеттенген дембелше мас ер адамның бейнесі жасалған.

Фатерландтың өз «ұрпағына» осындай «жылы шырайсыз» және «суық» қатынас қоныс аударушылардың өздеріне көшіп қонуын қайта ойлауына айтарлықтай із қалдырды. Ресейлік немістер тосыннан фатерланд-отанынан ауыр психологиялық шеттету тәжірибесіне тап болды. Көшіп қонушыларға деген дұшпандық қатынас олардың бұрынғы отандары – Ресей және Қазақстанмен байланыстарын қайта белсендіруіне әкелді. Бұл бірігейліктің түрлі үлгілерінде және Еуразияда трансұлттық кәсіпкерліктің дамуында, некелік серікті және әлеуметтік желілерді таңдауында, тіпті жиі кездесетін бұрынғы отанға қайта оралу жағдайларында байқалады. Көптеген орыс тілді қоныс аударушы немістер басқа орыс тілді мигранттар қатарымен Германияда өз орыс тілді инфрақұрылымдарын даму үдерісіне белсенді кірісті. «Орыс» азық-түлік дүкендері, саяхат бюролары, газет және қызмет көрсетудің түрлі фирмалар күндегі тұрмыстың әдетті элементі және Берлиннің мультимәдени ала-құласының бөлігіне айналды. Жанұяда, жұмыста, бұқаралық ақпарат құралдарында және бос уақытты ұйымдастыруда шекараның және әлемнің трансұлттық көрінісі мен түйсінуі бар екені анық көрінеді. Бұл ұлттық мейнстримнің баламасы болып табылады.

Жаһандану дәуірінде қоныс аударушы немістер бір уақытта екі не үш мемлекеттің саяси және әлеуметтік өміріне қатысады. Бұл перспектива таңдаулы жаратылыс туралы классикалық түсінікті және «диаспоралық синдромның» ерекше зақымданушылықты артқы жаққа ығыстырады.

Осылайша, неміс тәжірибесіне қатысты біздің негізгі тезисіміз мынадай: этноұлттық «біз» бөлігі саналатын диаспоралардың репатриациядан кейін мәдени тегіне тартушылық пен мәдениеттің айнымауын қамтитын біртекті ұлттық бірдейлік қағидатты іске асыруы екі талай. Әрине, бұл диаспораның метрополиядан алыс болу мерзіміне байланысты. [1]

Израильде «ТМД-нан репатрианттар» категориясы айтарлықтай шартты және бұл құбылыстың барлық аспектілерін көрсетпейді. Қарама-қайшы жағдай пайда болады: КСРО және Ресейде біз көңіл бөлген адам тобын еврейлер деп атайтын, ал Израильде оларды орыстар деп атайды. «Жаңа израильдіктер» өздері туралы Израильдің «орыс көшесі» ретінде жиі айтады. Израильдің еврей секторын 120 мемлекеттің келімсегі құрайды. Мұнда отандастарды шыққан елге байланысты орыс, американдық, румын, маррокалық, эфиоп, йемендік деп атайды. Бұлай бөлу мүлдем нейтралды емес, өйткені әрбір топ артынан белгілі мәртебе мен таптаурын айқындап қойылған [3, 118 бет]. Смуха және Краус әлеуметтанушылар «Израильде этникалық топтардың теңсіздігі айтарлықтай демографияда, экономикалық өмірде, әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу жағдайда көрінеді» дегенді көрсетеді [3, 118 бет бойынша дәйексөз келтірдім]. Олардың пікірі бойынша этникалық теңсіздіктің қалыптастыру деңгейін ол екінші буында жаңғыртылады деген факт дәлелдейді. Посткеңестік аумақтың тұрғындары некеге тұрғанда қиыншылықтарға жиі тап болады. Израильде зайырлы некелер жоқ, ал діни некеге тек ресми түрде еврей болып танылатын немесе гиюрдан өткен тұлғалар тұра алады. Ажырасу мен жерлеуде де қиындықтар туады, себебі осы азаматтық халі раввинат қарауында. Раввинаттар өз кезегінде тек олар еврейге санайтындарға некеге тұруға, ажырасуға немесе жерлеуге рұқсат береді. Сонымен бірге, адамдарға көбінесе айтарлықтай қорлайтын тексерістер мен әңгімелесуден өту керек. Бұл туралы орыс тілді израильдік баспасөз бен ғылыми әдебиетте жиі табуға болады. Бұдан басқа, репатриацияға құқықтыларға галахиялық еврейлер, «атаның немерелері» деп аталатындар және еврей жанұяларының еврей емес мүшелері жатады. Алайда тек галахиялық еврейлер азаматтық халді ауыстыруға және еврей дәстүрлері бойынша жерлеуге құқықты. 1996-шы жылдан бастап израильдік статистика ерекше категорияға белгісіз дін тұтушы деп аталатын тұлғаларды жатқызады. Оған еврей отбасыларының дың еврей емес мүшелерінің оралуы туралы заң негізінде қандай болса да себептерден гиюр үдерісінен өтпеген израильге келетіндер жатады. 1996 жылы, А. Корниловтың мәліметтері бойынша белгісіз дін тұтушы тұлғалардың саны 75 мың адам (немесе мемлекеттің барлық халқының 1, 32%), 1998 жылы – 118,2 мың адам (немесе 1,98%). Аралас жанұялардағы репатрианттар арасында еврей еместердің саны өсуі – үрдіс, бірнеше ұрпақ бойындағы кеңестік еврейлілік ассимиляцияның нәтижесі.

Елдегі еврей емес халықтың саны өсіп жатқандығы себебінен (сонымен бірге, мұсылмандық емес) кипрлік неке деп аталатын оны қию үшін некелесетіндер елден Кипрге баратын зайырлы некелер кең таралды (осындай некелер Израильде азаматтық мәртебеге ие). Толық үдеріс Кипрде тәулік бойы болуды қамтып, некелесетіндерге 3000 мың еуро сомасына (екеуіне) шығады. Сома жаңа репатрианттардың басымына айтарлықтай көп. Израильдік армияда қызмет өткен жастар да кипрлік неке қиюға мәжбүрлі. Бұл орыс тілді қауымда қарсылық пен наразылықты тудырады. Орыс тілді иммигранттардың бейімделуі Израильде көптеген заңды, әлеуметтік, мәдени және басқа жанжалдардың шешуі тұрақты ымырамен, кейде израильдік қоғамның екі қарсы – секулярлық және діни бөліктерінің бітіспес күресімен тығыз байланыстығынан аса қиындатылған. Израильде дін мемлекеттен бөлінбеген, сондықтан иудаизм мемлекеттік дін мен идеологияның функциясын атқарып Израильдің мемлекеттік, саяси және әлеуметтік салаларына ықпал етіп діни және зайырлы құндылықтардың қарсы тұруы сөзсіз. Еврей емес иммиграция мәселесі израильдік қоғамның назарына түседі. Ультраортодокстардың қысымы астында ТМД елдерінен иммиграцияға қарсы дауыстар белсене естіледі. «Орыстар» мен «дінилер» арасындағы шеттету мүлде негізсіз емес. Израильдік ғалымдар Ләшем мен Лисак пікірлерінше бұрынғы Кеңес Одағынан еврейлердің басым бөлігіне еврейлік өзін бірдейлестіру Оралу туралы заңға сәйкес Израильге иммиграциялауға құқық беретін тек техникалық құбылыс болды [3, 86 бет]. Бірақ бүгінгі кезде бытыраңқылық, Израиль мемлекетіндегі сегрегациясы соншалықты қатты, «кошерлік емес» анклавтар яғни көбінесе посткеңестік аумағынан келімсектерден тұратын қалалар қалыптасады. Бүгінгі кезде Израильде Бүгінгі кезде Израильде ұлттық мәртебесіз 300 мың орыс бар [4], яғни Израильге Оралу заңы бойынша келгендер, бірақ иудейлік Галах каноны бойынша еврей болып саналмайтын. Кейбір қалаларда бұрынғы КСРО-дан Израильде 1990-шы жылдан кейін қоныстанған репатрианттар саны, мысалы Ашдодта, Беэр-Шевада, Кармиэльде халықтың үштің бір бөлігінен аса құрайды, ал Сдеротте қала тұрғындардың жартысынан аса. Осындай қалалар діни иудейлерге «некошерлі» болады – олар бұл қалаларда тұрып кез келген тамақ-сусындарды жеп іше алады. Үлкен алия басталғалы бері (бұрынғы КСРО елдерінен жаппай шығу) израильдіктер КСРО/РФ және жаңа шетел мемлекеттерінің

келімсектерін орыстар ретінде қабылдайды. Израильдегі өмір және «аталастардың» оларға сондай күтпеген қатынас бірдейлік метаморфозаларын тудырды. Репатрианттар бірдейлігінің негізгі түсіністігі «орыс мәдениеті» түсінігі болды. Тұратын елін ауыстырып, эмигранттар, алайда, өз менталитетін, мәдениетін өзгертіп, орыс тілде ойлап түс көруді тоқтата алмайды. Біздің бұрынғы отандастарымыз орыс тілде кітап оқып, орыс фильмдерін көріп, әдеттегі музыканы тыңдауды жалғастырады.

Отбасылардың көпшілігінде «тарихқа дейінгі» бағдарламаларды көру үшін спутниктік теледидар бар. Израильдің «орыстары» өздеріне және өздерінің айналасына тек екі жақты орыс-еврей бірдейлігі иелеріне қызықты және түсінікті әлеуметтік мәдени орта қалыптастырады. Осы ортаны ерекшелейтіні бірінші – орыс тілдің қолдануы, алайда екінші және кейінгі буынның эмигранттары әрі әуескі тұрғындар» көбінесе өз тілдерін иврит сөздерімен араластырады. Екінші – мәдениеттің материалды құндылықтарға тәуелді болмау. Жаңа израильдіктер ел бойынша белсенді жүріп назар аударарлық орындарды қарайды. Бұл орыс тілділерге арналған экскурсиялық бюро индустриясының пайда болуына әкелді. Бұдан басқа, Израильде ресейлік әртістер мен театралды труппалар жиі болады. Әлем санаттағы жұлдыздар елге сирек келеді, себебі төлеуге қаражаты жететін, байырғы және бекіп қалған, аккумулятивтілген халық үшін олардың гастрольдері үлкен қызығушылық танытпайды.

Бұдан басқа ресейлік ғаламтор – ақысыз көптеген файлдарды қарау және білім берудің барлық салаларынан жүктеп алуға мүмкіндік беретін әлемдегі жалғыз ақпараттық кеңістік. Осылайша, Израильде орыс тілін білу бәсекелестік басым болып табылады. Сапалы әрі ақысыз бос уақытты өткізуден басқа тіл қолданушылар мыңдаған білім беретін кітаптар, оқу құралдарын оқып, Photoshop бағдарламасын игеруге көмектесетін видеосабақтарды көре алады.

Біздің бұрынғы отандастарымыз Ресейдің саяси өмірін аңғарады, алайда оқиғалар біріншіден олардың Израильге ықпал ету шеңберінде қарастырылады. Израильде түрлі бірдейліктің қақтығысы жиі кездеседі. Орыс тегі жаңа израильдіктер үшін аңсау көбінесе қарама-қарсы құбылыс: адамдар дефицитті мен тұрмыстық жағдайсыздықты өткен кеңестік шағын сағынатын жиі растайды. Көбінесе аңсау көңілі, өткен өмірлік тәжірибеге қарау, эмигранттардың өткен кеңестік шағымен бірдейлестіру олардың жаңа елдегі төмен әлеуметтік мәртебесіне байланысты. Меншіктік бірдейлестіруіне тыс «орыс еврейлер» тобы өмір сүретінін факті бойынша «орыс әлемнің» бөлігі болып табылады. Репатрианттар Ресеймен байланысын достық және туыс контактілері арқылы, бизнес-әріптестік, еліміздің мәдени бірлестігі арқылы сақтайды. [4]

Қолданылған әдебиет

1. Дариева Цыпылма Возвращение на родину? Новые практики диаспорального движения Антропологический форум № 14
2. <http://www.demoscope.ru/acrobat/ps71.pdf>
http://www.jafi.org.il/NR/rdonlyres/EB23392E-5578-4BE4-B13EC7982AA1B2BB/80612/Tolts_Kenes2009Revised.pdf
3. Еленевская М., Фиалкова Л. Русская улица в еврейской стране: Исследование фольклора эмигрантов 1990-х в Израиле. Ч. 1. М., 2005.
4. Коник С. В. «Русская улица» Израиля как часть «Русского мира»

УДК- 304:364-07(574)

СПЕЦИАЛЬНЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ УСЛУГИ В СФЕРЕ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ

Шолатова Мөлдір Абайқызы

Moldir_@mail.ru

магистрант 1 курса отделения Социальная работа Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
научный руководитель - доктор PhD Есимова Д. Г.